

ӘОЖ 338.43:637.5

Б. Тұрғанбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: turganbekova@mail.ru

Азық-түлік нарығындағы ет өңдеу өнеркәсіптерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Андатпа. Бұл мақалада азық-түлік нарығындағы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілік мәселелері қарастырылған, ет өндіру кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін көтерудің негізгі бағыттары көрсетілген.

Түйін сөздер: бәсекеге қабілеттілік, өнім, өнеркәсіп, талдау.

Қазақстанда қазіргі таңда бәсекеге қабілеттілігін арттыруда экономикалық әлеуеті бар бәсекеге қабілетті басымды салалар моделі таңдалған. Еліміздің экономикасының ұзақ мерзімді мамандығын анықтайтын, қазақстандық кластерлік жүйесінің даму үрдісі басталды. Қазақстанның ДСҰ-ға мүше болу мақсатына байланысты, кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру маңыздылығы күннен-күнге арта түсуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың халыққа Жолдауында былай делінген: «Мемлекеттік саясаттың ең басты мақсаты – Қазақстан Республикасының азаматтарының өмір сүру деңгейін, әл-ауқатын жоғарылату», бұл өз кезегінде әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру мен елімізде индустриаландыру арқылы 30 корпоративті құру біздің ең басты мақсатымыз екенін дәлелдейді. Агроөнеркәсіп кешені ел экономикасына жоғары табыс әкелетін ең маңызды сала болуы қажет. Агроөнеркәсіп кешенінің алдында тұрған жаңа басымды мәселелер: бірінші, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, екіншіден, экспортқа тауарларын өткізетін ауылшаруашылық секторларына күшті біріктіру, үшіншіден, мал шаруашылық саласының экспорттық әлеуетін дұрыс қолдану.

Ет өнімдерінің саласы ҚР азық-түлік индустриясының мамандандырылған саласы және ет өндірісінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Дегенмен соңғы он жылдағы қалыптасқан мал шаруашылығының дефициті әсерінен жылдық ет өңдеу өнеркәсібінің үлес салмағының төмендеуі байқалады. Дамығын елдерде мал және құс етінің 90%-ға өндірістік

қайта өңдеуден өтеді, бұл өз кезегінде, шикізатты рационалды және кешенді қолдануды, алдыңғы қатарлы, прогрессивті технологияларды енгізуді, өңделетін өнімдердің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыруды, өнім ассортиментін кеңейтуді, еңбек өнімділігін арттыруды және соңғы өнімнің өзіндік құнын төмендетуді қамтамасыз етеді [1, 35-37 б.].

Ет өндірісінің негізгі кәсіпорын түрі – ет өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар, бұл кәсіпорындардың негізгі принципі, шикізатты кешенді қолдану. Ет өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарда келесідей жұмыстар атқарылады, яғни малды сою, етті өндірістік қайта өңдеу, шұжық өнімдерін өндіру, етті жартылай фабрикаттар, етті консервілер, қосымша өнімдерді өңдеу (субөнімдер, майлар, қан және т.б.), сонымен қатар жем және техникалық өнімдерді өндіру (құрғақ мал жемдері, жемдік және техникалық майлар және т.б.). Ет өнімдерінің өнеркәсіп жағдайы, әрқашан да ауылшаруашылығының жағдайымен тығыз байланысты [2, 19-20 б.].

Ет өнімдерін қайта өңдеу саласының заманауи жағдайын тұрақты және әрі қарай даму әлеуеті жоғары деп сипаттауға болады. Дегенмен экономикалық дағдарыс нәтижесінде бұл саланың дамуында нақты қиындықтар бар.

Біріншіден, шикізат базасының сандық және сапалық нашарлауы. Жыл сайын 1991 жылдан бастап, 2000 жылға дейін республикада малдың барлық түрлері қысқарды, оның өнімділігі төмендеп, нәтижесінде ет өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін, шикізат нарығы толтырылмады. Егер 1990 жылы ірі мүйізді мал 9757,2 мың мал басын құрса, ал

2011 жылы 6160,4; 1990 жылы қой және ешкі мал басы 35660,5 мың мал басын құрса, ал 2011 жылы 17840,3; 1990 жылы шошқа мал басының саны 3223,8 мың мал басын құрса, ал 2011 жылы 1356,1; 1990 жылы құс саны 59,9 млн болса, ал 2011 жылы 33,3 млн басты құрды. 1991 жыл мен 2000 жыл аралығындағы мал шаруашылығының қысқаруынан, ет және ет өнімдерін қайта өңдеу төмендеді. Республикада 2002 жылдан бастап ет өнімдерінің өндіріс көлемі өсе бастады.

Екіншіден, кәсіпорындардың техникалық қамтамасыз етілу деңгейінің төмендігі. Кәсіпорындардағы заманауи техникалар мен арнайы кадрлардың жетіспеушілігінен шикізатты қайта өңдеу терең жүргізілмейді, ол өз кезегінде шикізаттың (15-20%) жоғалуына алып келеді. Техникалық үдерістің кезеңдерінде етті өңдеудің термикалық режимі бұзылып, нәтижесінде шығарылатын өнімнің сапасына кері әсерін тигізеді. Осы салада әлі күнге дейін кейбір кәсіпорындар ескі технология және тозған құрал-жабдықтармен жұмыс жасап келеді, бұл өз кезегінде өнімнің сапасына, бәсекеге қабілеттілік деңгейіне тікелей әсерін тигізеді.

Үшіншіден, мал және құс шикізаттарының өткізу арналарының құрылымы өзгерді. Ет өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар үшін, ауылшаруашылық шикізаттарын өндіретін кәсіпкерлер өздерінің шикізаттарын жеке бөлшек саудада қоғамдық тамақтану кәсіпорындарына өткізгенді ет өнімдерін өндіретін кәсіпорындарына қарағанда тиімді санайды, өйткені көп жағдайда олардың айналым құралдары жеткіліксіз болып келеді. Мысал ретінде, ЕО елдерін алуға болады, оларды өткізудің ең басым түрі – келісімшарт, яғни ауылшаруашылық шикізаттарын (бұл жерде мал және құс шикізаты) өндіретін кәсіпкерлермен, ет өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындар, сауда және басқа да ұйымдар арасында келісімшарт жүргізіліп, нәтижесінде кәсіпорындар толық дәл уақытында шикізат өнімдерімен қамтамасыз етіліп отырады.

Төртіншіден, кәсіпорындардың етті қайта өңдеу және дайын ет өнімдері үшін, шикізаттың жеткіліксіздігі, осының әсерінен кәсіпорындар өз әлеуетін толық қолданбайды. Қазіргі таңда, салада кіші кәсіпорындар мен шұжық цехтары бос, қолданылмаған өндіріс қуаттылығымен жұмыс жасайды.

Бесіншіден, ет өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар алдында тұрған үлкен мәселе – инвестиция

көздері мен көлемінің жеткіліксіздігі, сәйкесінше, өзіндік айналым құралдарының жеткіліксіздігі. Тағы бір мәселе, шикізат жабдықтаушылармен қарым-қатынастың реттелмегендігі, шикізат пен материалдарды сатып алудың қиындықтарын туғызып отыр, сонымен қатар дайын өнімді өткізудің қиындықтары да жеткілікті [3, 36 б.].

Нарық талаптарына сәйкес ет өңдеу кәсіпорындары пайда табу мен ақша қаражаттарын толтыру мақсатында тек ет өнімдерін өндіріп қана қоймай, сонымен қатар нан өнімдері, алкогольсіз сусындары және мейрамхана бизнесімен айналысады. Сол себептен көптеген кәсіпорындар әртүрлі тауарларды өндіргеніне байланысты, ет өнімдерінің тиімділігін талдау өте қиын. Ал шикізаттың жетіспеушілігінен туындаған мәселелердің шешімін тапқан кейбір кәсіпорындар өз жұмысын тиімді атқарып, пайда табуда [4, 32 б.].

Тамақ өнеркәсібінің негізгі өнім түрлерінің өңірлер бойынша пайыздық көлемдегі үлес салмағын көрсетеміз: ет өндірісінің ең көп үлес салмағын Алматы облысы (33 %) алып отыр, одан кейінгі орындарды Шығыс Қазақстан (16 %), Қарағанды (11,2 %), Павлодар (8 %), Оңтүстік Қазақстан (6,8 %), Ақтөбе (6 %), Жамбыл (4,1 %), Солтүстік Қазақстан (4,1 %), Қостанай (3,6 %), Ақмола (2,3 %), Астана (0,2 %), Қызылорда (1 %), Атырау (0,1 %) алып отыр. Яғни, суретте көріп отырғандай, ет өнімдерінің өндірісі еліміздің ірі аймақтарында Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Оңтүстік Қазақстанда орналасқан.

Соңғы жылдары ет өңдеу саласында менеджменттің жақсаруы мен өндірісті модернизациялау есебінен бірнеше ірі және шағын кәсіпорындар сәтті жұмыс атқаруда. Ішкі нарықта олардың үлесі өсіп келеді және импортты шектеуге көмегін тигізуде.

Бұндай кәсіпорындар қатарына Алматы қаласында орналасқан «Беккер и К°» ЖШС, «Нәзік» ЖШС, және «Еткон» ЖШС, Павлодарда – «Рубиком» ЖШС, Қарағандыда – «Дедов» ЖШС, Семейде – «Семипалатинский мясокомбинат» ЖШС, Қостанайда – «Янтарь» ЖШС, Ақтөбеде – «Владимир» ЖШС, Астанада – «Апрель» ЖШС және т.б. жатады.

Бұл кәсіпорындардың нарықтағы үлесі жоғары, тұтынушылардың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырады, яғни бағасына сапасы сай ет өнімдерін өндірумен айналысады.

Республикадағы ет өңдеу кәсіпорындары

арасындағы бәсекелестік көбінесе жергілікті нарық жағдайында жүргізіледі. Қалаларда орналасқан сауда нүктелерінде ет өнімдерінің кең ассортиментті болуы өндірушілердің жақын орналасуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар мұнда тұтынушы етті сатып алу кезінде оның сапасы мен бағасына қарай өз тандауын жасай алады. Елдің ет өнімдері нарығына монополиялық бәсеке белгісі тән, яғни нарықта сатушылар мен сатып алушылардың көп болуы, дифференциалды тауар түрі, бағаға әлсіз бақылаудың болуы және де бағалық бәсекенің болуы әсер етеді (жарнама элементтері, тауарды насихаттау, өтімді ынталандыру, маркетинг, менеджмент және өткізу қызметі).

Кейбір кәсіпорындардың ет өнімдерінің сапасы халықаралық стандарттарға сай жұмыс істейді және оған сәйкес тауарлардың бағасы да жоғары болады. Мұндай жағдайларда нарық құрылымы төлемге қабілеттілігі халық

сұранысының әртүрлілігімен анықталады. Тұтынушылардың ет өнімдерінің бағасы мен сапасына деген талаптарының әртүрлі болуы ет нарығын жеке бір сегментке бөледі.

Ет өнімдеріне деген сұраныс халықтың экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Ал тұтынушылардың ет өнімдеріне сұранысы Республиканың тек ірі қалаларында (74%) толықтай қанағаттандырылады, яғни бұл өндірушілердің жақын орналасуымен, дүкендердің көптігімен, қала халқының сатып алу қабілетінің ауылға қарағанда біршама жоғары болуымен түсіндіріледі [5, 96 б.].

Толықтай алғанда, ет нарығында – етті Қазақстанның барлық белсенді халқы тұтынады, ал сатып алушылар халықтың тек 70%-ын ғана құрайды.

Бұл кәсіпорындардың нарықтағы үлесі жоғары, тұтынушылардың қажеттіліктерін толықтай қанағаттандырады, яғни бағасына сапасы сай ет өнімдерін өндірумен айналысады.

1-кесте – Ет пен ет өнімдерінің өндірісіне SWOT талдау

Сапалы жақтары	Осал жақтары
<ul style="list-style-type: none"> – Қазақстанның оңтүстік-батыс аумағындағы климаттық жағдайлар жайылымды (шығынды емес) қой шаруашылығын жүргізуге қолайлы; – Солтүстік, Орталық және Батыс аумақтарда жайылымды мал шаруашылығын жүргізуге жарамды пайдаланбайтын жайылымдардың профициті байқалады; – қазақстандық еттің Ресей нарығында бәсекеге қабілеттілігі 	<ul style="list-style-type: none"> – өндірістің ұсақ тауарлығы 80 %-дан артық мал басының жеке қосалқы шаруашылықтарда (бұдан әрі – ЖҚШ) болуы; – азық дақылдарына арналған егістік алқаптарының азаюы, құрама жемнің өндірісі көлемінің төмендеуі және қымбаттылығы; – жекелеген өңірлерде мал мен құстардың аса қауіпті аурулардың ошақтарын тіркеудің кездейсоқ оқиғалары; – асыл тұқымды және тұқымдық малдың төменгі үлесі; – ет өнімдері бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары деңгейі; – мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің маусымдық сипаты
Мүмкіндіктері	Қауіп-қатерлері
<ul style="list-style-type: none"> – халық санының өсуімен ет тұтынудың ұлғаюы күтілуде. Бұл ретте қазақстандық сиыр етін өткізудің әлеуетті нарығы Ресей болып табылады. Қазақстанның Кеден Одағының құрамына кіруі отандық сиыр етінің бәсекеге қабілеттілігін арттырады; – экологиялық таза өнімдерді өндіру (гендік инженерияны қолданбай), сондай-ақ «Халал» стандарттары бойынша ет саласының өнімдерін өндіруді жолға қою отандық ет өндірушілерге араб және Таяу Шығыс елдерінің нарықтарына шығуға әлеуетті мүмкіндік туғызады 	<ul style="list-style-type: none"> – етті импорттаушы негізгі елдері тарапынан жоғары бәсекелестік: Аргентина, Бразилия, Австралия, Жаңа Зеландия. Осы елдер мұздатылған еттің зор көлемдерін экспорттайды, бұл оларға етті Қазақстан өндірісінің ұқсас өнімдері бағасынан анағұрлым төмен бағалармен ұсынуға мүмкіндік береді; – жануарлардың аса қауіпті аурулардың таралуына байланысты өнімдерді шеттен әкелуге тыйым салу

Етті қайта өңдеу саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, әрине, бірінші, шикізат базасын қамтамасыз ету қажет, ол үшін мал шаруашылығын үлкен қарқынмен дамыту қажет. Еліміздегі ет және ет өнімдер өндірісінің күшті, әлсіз жақтарын және мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін келесі суреттен көре аламыз.

Азық-түлік нарығындағы кәсіпорын тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай-құқықтық көмектер және мемлекеттік АӨК даму бағдарламалары өте маңызды болып табылады.

Әлемдік нарықтың қатаң талаптары мен бәсекелік шарты отандық ет өнімін өндіруші кәсіпорындарға сол талаптар мен шарттарды ұстануды талап етеді. Өйтпеген жағдайда әлемдік нарықтағы көшбасшылар өздерінің бәсекелік ықпалымен еліміздің ішкі нарығын және енуге мүмкін болатын көршілес мемлекеттердің нарықтарын «игеріп алуы» қиын емес. Әсіресе бұл мәселе еліміздің Халықаралық сауда ұйымына кіру барысында өткір күйінде қалып отыр. Ішкі нарықтың сыртқы өндірушілерге кедергісіз ашылуы отандық өнімдердің оларға тосқауыл боларлық бәсекеге қабілеттілігіне сүйенеді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда, азық-түлік нарығындағы отандық кәсіпорын тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды. Келесі жылы, еліміз ДСҰ кіруді жоспарлап отыр, сондықтан да отандық кәсіпорындардың

бәсекеге қабілетті болуы мақсат емес, нақты нарықта жұмыс жасау үшін, қойылатын шарт болмақ.

Әдебиеттер

1 Узаков Я.М. Современное состояние и пути развития мясной промышленности в Республике Казахстан // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2008. – №2. – С. 35-37.

2 Молдашев А.Б. Проблемы интеграции в сферах производства и переработки молока и мяса // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2000. – №2. – С. 19-20.

3 Курмангалиев С.Г., Джаманкулова Д.М. Проблемы и развитие мясо-молочной промышленности Казахстана // Пищевая и перерабатывающая промышленность Казахстана. – 2003. – №6. – С. 36.

4 Джусибалиева А.К. Конкурентоспособность промышленных предприятий РК в условиях модернизации национальной экономики // Стратегия конкурентоспособности и модернизации экономики Казахстана в 21 веке: материалы 2-й междунар. науч. конф. – Актөбе-Оренбург, 2005. – С. 32.

5. Воронов Д.С. Конкурентоспособность предприятия: оценка, анализ. – М.: УПИ, 2003. – 96 с.

Б. Турганбекова

Повышение конкурентоспособности мясоперерабатывающих предприятий на рынке пищевой промышленности

В данной статье рассматриваются проблемы конкурентоспособности предприятий пищевой промышленности, даются основные направления повышения конкурентоспособности предприятий мясной промышленности.

Ключевые слова: конкурентоспособность, промышленность, анализ.

B. Turganbekova

Improving the competitiveness of meat processing enterprises in the market of the food industry

This article discusses the problem of improving the competitiveness of the food industry, provides the basic direction of improving the competitiveness of the meat industry.

Keywords: competitiveness, industry, analysis.